


21 сәуір күні әдістемелік апта аясында 31 Д тобымен дене тәрбиесі және арнайы пән оқытушысы У.Ж.Мухамеджанова «Дене тәрбиесі сабағына дәрігерлік-медициналық бақылау» тақырыбында ашық сабағын өткізді.

Сабақтың мақсаты: Білім алушыларды дене тәрбиесінде жүргізілетін дәрігерлік-педагогикалық бақылау түрлерінің маңызы, мақсаты, міндеттерін қолдану әдіс-тәсілдерін білуге үйрету. Өз бетімен шығармашылық деңгейде жұмыс жасау қабілеттерін дамыту. Орындай білу іскерліктерін қалыптастыру. Кәсіби бағдар беру. Мамандыққа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

Сабақ жарыс сабақ түрінде өтті, балдық жүйемен бағалауға сарапшы оқытушылар тағайындалды. Педагогикалық және дәрігерлік бақылау болып 2 топқа бөлініп, әр топ аты мен ұранын таныстырып кетті. Топтарға әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы бірнеше тапсырмалар беріліп, тиісті жауаптар алынды. Сарапшылар қорытындысы бойынша жоғары балл жинаған дәрігерлік бақылау тобы жеңімпаз болып танылды. Сабақ соңында студенттермен кері байланыс жасалды және оқытушылар тарапынан сабақ жоғары деңгейде өткенін атап өтті.



[illegible][illegible]

